

## 2016 жылға халықтың нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 629 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 қаңтарда № 3519 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 29 сәірдегі № 147 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 29.04.2016 № 147 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 бабының 2-тармағына сәйкес Арыс қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылға нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі белгіленсін.

2. Нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесіне Арыс қаласының аумағында тұратын келесі тұлғалар кіреді:

- 1) зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін 50 жастан асқан адамдар;
- 2) уәкілетті органның жолдамасы бойынша кәсіби оқуды аяқтаған тұлғалар;
- 3) жұмыссыз әйелдер.

3. Осы қауылының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ділдәбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*С.Ерғай*